

Қазақстан Республикасында автомобиль көлігінде жолаушылар тасымалын дамыту жөніндегі шаралар кешенін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2012 жылғы 19 маусымдағы № 119-ө
Өкімі

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасында автомобиль көлігінде жолаушылар тасымалын дамыту жөніндегі шаралар кешені (бұдан әрі – шаралар кешені) **б е к і т і л с і н .**

2. Мүдделі орталық мемлекеттік органдар, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының **ә к і м д е р і :**

1) шаралар кешенінің тиісінше және уақтылы орындалуын қамтамасыз етсін;

2) жыл сайын, жарты жылдың және жылдың қорытындылары бойынша 15 шілдеге және 15 қаңтарға Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігіне шаралар кешенінің іске асырылу барысы туралы ақпарат берсін.

3. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі жыл сайын 1 тамызға және 1 ақпанға Қазақстан Республикасының Үкіметіне шаралар кешенінің орындалу барысы туралы жиынтық ақпарат беруді қамтамасыз етсін.

4. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары С.Н. Ахметовке жүктелсін.

Премьер-Министр

К. Мәсімов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

2 0 1 2

ж ы л ғ ы

1 9

м а у с ы м д а ғ ы

№

1 1 9 - ө

ө к і м і м е н

бекітілген

Қазақстан Республикасында автомобиль көлігінде жолаушылар тасымалын дамыту жөніндегі шаралар кешені

р/с №	Іс-шаралар атауы	Жауапты орындаушылар	Аяқталу нысаны	Қаржыландыру	Орындау мерзімі
1	2	3	4	5	6
	Мыналарды: 1) елді мекендерді дамытудың бас жоспарын ескере отырып, маршруттың желісін және автовокзалдар мен автостанциялардың орналасу орындарын қайта қарауды;				

<p>2) жаңа автовокзалдар мен автостанцияларды, оның ішінде мемлекеттік-жеке меншік әріптестік тетігін қолдана отырып салуды;</p> <p>3) автовокзалдар мен автостанциялары жоқ елді мекендерде белгіленген талаптарды сақтай отырып, автобустарға арналған аялдама пункттерін ашуды;</p> <p>4) автовокзалдар мен автостанциялардың бірыңғай белгіленген талаптар мен стандарттарға сәйкестігін қамтамасыз етуді;</p> <p>5) тұрақты емес жолаушылар тасымалының ведомствоаралық рейдтік тексерісін өткізуді;</p> <p>6) мақсаты бойынша пайдаланбаған кезде, оның ішінде автобустарды жөнелту үшін орындарды рұқсатсыз ұйымдастырған кезде жер учаскелерін пайдалануға арналған актілерді алып қоюды;</p> <p>7) машина-орын қажеттілігін талдауды ескере отырып, жолаушылар жиналатын орындарда (базарлар, супермаркеттер, ойын-сауық-мәдени орталықтар және т.б.) такси тұрақтары үшін орындарды анықтауды және оларды жабдықтауды;</p> <p>8) тасымалдаушыларды өндірістік-техникалық базаны жетілдіруге ынталандыруды көздейтін көлік инфрақұрылымының (автовокзалдар, автостанциялар және аялдама (кассалық) пункттері, такси тұрақтары, өндірістік базалар) қазіргі барлық желісін тексеру негізінде автомобиль көлігінде жолаушылар тасымалын дамыту жөніндегі өңірлік іс-шаралар жоспарларын әзірлеу және бекіту</p>	<p>Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері</p>	<p>Автомобиль көлігінде жолаушылар тасымалын дамыту жөніндегі іс-шаралар</p>	<p>Талап етілмейді</p>	<p>2012 жылғы III тоқсан</p>
<p>Аумақтарды дамыту бағдарламаларына мынадай сипаттағы көліктік қолжетімділік индикаторларын енгізу:</p> <p>1) жол жағдайы және</p>				

2.	<p>жолаушылар қатынасында қажеттілігі бар (100 %) елді мекендердің тұрақты автобус маршруттарымен қамтамасыз етілуі (қамту);</p> <p>2) қалалардың ресми такси тасымалдауымен қамтамасыз етілуі (100 %);</p> <p>3) автовокзалдар мен автостанциялары жоқ елді мекендердің жолаушылардың тоқтау және түсіру орындарымен жарақтандырылуы (100 %);</p> <p>4) жалпы пайдаланымдағы жергілікті маңызы бар автомобиль жолдарының жалпы ұзындығындағы нормативтік талаптарға сәйкес келетін жергілікті маңызы бар автомобиль жолдарының ұзындығы үлесінің ұлғаюы (100%)</p>	Облыстар, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері	Облыстардың, Астана және Алматы қалалары мәслихаттарының шешімдері	Талап етілмейді	2012 жылғы III тоқсан
3.	<p>Мынадай мемлекеттік стандарттарды әзірлеу:</p> <p>1) автовокзалдар, автостанциялар және жолаушыларға қызмет көрсету пункттерінің қызметтері;</p> <p>2) тұрақты және тұрақты емес тасымалдар бойынша автокөлік қызметтері;</p> <p>3) такси тасымалдары бойынша автокөлік қызметтері</p>	ККМ	Мемлекеттік стандарттардың жобалары	Қаражат 001 «Көлік, коммуникация, байланыс және ақпараттандыру саласындағы саясатты қалыптастыру, үйлестіру және бақылау, инфрақұрылымды және бәсекелес нарықты дамыту жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасы шеңберінде көзделген	2012-2013 жылдар
4.	<p>Қалааралық, халықаралық, облысаралық автобус маршруттарын диспетчерлік сүйемелдеудің және Жолаушыларды электрондық билеттеудің бірыңғай жүйесін құру мәселесін, оның ішінде бірыңғай жүйені орталықтандырылған сүйемелдеуді жүргізу және автобустарды (қалалық және қала маңындағы маршруттарды қоспағанда) GPS/ГЛОНАСС</p>	ККМ (жинақтау), ЭДСМ, ПМ, облыстардың Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері	ПМК-ге ұсыныс	Талап етілмейді	

	навигациялық құралдарымен жарақтандыру бөлігінде пысықтау				2012 жылғы IV тоқсан
5.	Мемлекеттік органдардың жолаушыларды автомобиль көлігімен заңсыз тасымалдау фактілерін айқындау және болдырмау және рейдтік тексерістерді тұрақты жүргізу жөніндегі өзара іс-қимылдарының схемасын әзірлеу және бекіту	ККМ (жинақтау), ПМ, Қаржымині	Бірлескен бұйрық	Талап етілмейді	2012 жылғы III тоқсан
6.	Жолаушыларды автомобильмен тасымалдау саласындағы Қазақстан Республикасының көлік заңнамасын сақтау жөніндегі мемлекеттік бақылаудың тиімділігін арттыру жөніндегі бірлескен шаралар бойынша ұсыныстар әзірлеу	ККМ (жинақтау), ПМ, ЭДСМ, Қаржымині	ПМК-ге ұсыныс	Талап етілмейді	2012 жылғы IV тоқсан
7.	«Автомобиль көлігі туралы» 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына : 1) автовокзалдар, автостанциялар және тасымалдаушылар көрсететін қызметтердің сапасын арттыруды ; 2) автовокзалдардың, автостанциялардың, аялдама (кассалық) пункттерінің, такси тұрақтарының инфрақұрылымын жақсартуды ; 3) жолаушылар тасымалы нарығында автобустардың және таксидің заңсыз тасымалдаушылар үлесін төмендетуді ; 4) маршруттарды диспетчерлік сүйемелдеудің, жолаушыларды билеттендірудің бірыңғай жүйесін дамытуды көздейтін түзетулерді әзірлеу	ККМ (жинақтау), ПМ, ЭДСМ, Әділетмині	«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне көлік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасын ПМК-ге енгізу	Талап етілмейді	2012 жылғы тамыз
	Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 2 шілдедегі № 767 қаулысымен бекітілген Автомобиль көлігімен жолаушылар мен багажды тасымалдау қағидаларына: 1) автовокзалдар мен автостанцияларға және олардың жұмыс істеу тәртібіне қойылатын талаптарды;				

8.	<p>2) жолаушылар тасымалдайтын автокөлік құралдарына қойылатын талаптарды;</p> <p>3) автобустар қозғалысына диспетчерлік басшылықты;</p> <p>4) жолаушылар мен багаждың тұрақты республикаішілік автомобильмен тасымалдау маршруттарына қызмет көрсету құқығына конкурс ұйымдастыру және өткізу тәртібін;</p> <p>5) таксимен жолаушылар мен багажды тасымалдауды ұйымдастыру тәртібін;</p> <p>6) жолаушылар мен багажды тұрақты автомобильмен тасымалдаудың маршруттар тізілімін ашу және жүргізу тәртібін қайта қарау бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар әзірлеу</p>	ККМ (жинақтау), ПМ, ИЖТМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері	Қазақстан Республикасының Үкіметі Қаулысының жобасы	Талап етілмейді	2012 жылғы IV тоқсан
9.	Жолаушылар мен багажды автомобиль көлігімен тасымалдауды жүзеге асыратын тасымалдаушылардың автокөлік құралдарын жаңартуға ынталандыру бойынша шаралар әзірлеу	ККМ (жинақтау), ЭДСМ, Қаржымині, ИЖТМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері	ПМК-ге ұсыныс	Талап етілмейді	2012 жылғы IV тоқсан
10.	Таксимен жолаушыларды және багажды тасымалдау бойынша қызметті жетілдіру мәселесін пысықтау	ККМ (жинақтау), Қаржымині, ЭДСМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері	ПМК-ге ұсыныс	Талап етілмейді	2012 жылғы III тоқсан
11.	Жолаушылар тасымалдау саласындағы маркетингтік зерттеулер жүргізу жөніндегі мәселені қарау	Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері	ККМ-ге ұсыныс	Талап етілмейді	2012-2013 жылдар
12.	Инновациялық технологияларды қолдана отырып маршруттарды, оның ішінде қалалық тасымалдарды диспетчерлік сүйемелдеудің бірыңғай жүйесін енгізу мәселесін қарау	ККМ (жинақтау), ИЖТМ, ЭДСМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері	ПМК-ге ұсыныс	Талап етілмейді	2012 жылғы IV тоқсан

Ескертпе: **аббревиатуралардың толық жазылуы:**
ПМК - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі

ККМ - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация
м и н и с т р л і г і

ІІМ - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі

Қаржымині - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі

Әділетмині – Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі

ИЖТМ - Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар
м и н и с т р л і г і

ЭДСМ - Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда
министрлігі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК